

"Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы шартты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 16 сәуірдегі N 362 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

"Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы шартты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі
жоба

Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы шартты бекіту туралы

Пекинде 2002 жылғы 23 желтоқсанда жасалған Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы шарт бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы Шарт

Бұдан әрі қарай Уағдаласушы Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы,

олардың арасындағы тату көршілік, достық және барлық салалардағы өзара тиімді ынтымақтастықты нығайту екі ел халықтарының түбегейлі мүдделеріне жауап береді және Азия мен бүкіл әлемде бейбітшілік, қауіпсіздік пен тұрлаулылықты сақтауға септігін тигізетіндігіне сене отырып,

1993-1999 жылдары қол қойылған Бірлескен Қазақстан-Қытай декларацияларының екіжақты қатынасты дамыту зор маңызы бар екенін тағы да мәлімдей отырып,

Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы және өздері қатысушы болып табылатын басқа да халықаралық шарттар бойынша өз міндеттемелерін қуаттай отырып,

екі ел халықтарының арасындағы дәстүрлі достық рухында қазіргі бар жан-жақты ынтымақтастық қатынастарын одан әрі дамытуға және нығайтуға деген ұмтылыстан шыға отырып,

Төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап

Уағдаласушы Тараптар бір-біріне басып кірмеу, бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, теңдік пен өзара тиімділік, бейбіт өмір сүру, егемендік пен жер тұтастығын өзара құрмет тұтудың қағидаттарына, халықаралық құқықтың жалпы танымал қағидаттары мен нормаларына сәйкес тату көршілік, достық және өзара тиімді ынтымақтастықты белсенді түрде дамытады және нығайтады.

2-бап

Уағдаласушы Тараптар Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекарасын делимитациялаудың және демаркациялаудың тарихи мәні бар екенін атап көрсетеді. Уағдаласушы Тараптар жер тұтастығына қолсұқпаушылық пен шекаралар мызғымастығының халықаралық қағидаттарын басшылыққа ала отырып, екі ел арасындағы шекара туралы тиісті шарттарды бұлжытпай орындайды, сондай-ақ шекара аймағында екі жақ арасындағы ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан мәңгілік татулық пен достықты қолдауға бекем бел байлайды.

3-бап

Қазақстандық Уағдаласушы Тарап әлемде тек бір ғана Қытай бар, Қытай Халық Республикасының Үкіметі бүкіл Қытайдың атынан шығатын бірден бір заңды үкімет, ал Тайвань Қытайдың ажырамас бөлігі деп растайды. Қазақстандық Уағдаласушы Тарап "екі Қытай" немесе "бір Қытай, бір Тайвань" құру әрекетіне қарсы шығады, "Тайванның тәуелсіздігіне" және оның тек қана егеменді мемлекеттер қатыса алатын қандай да болсын халықаралық және аймақтық ұйымдарға қатысуына қарсы. Қазақстандық Уағдаласушы Тарап Тайванмен ресми қатынастар орнатпайтынын және онымен қандай түрде болмасын ресми байланыстар жасамайтынын растайды.

4-бап

Уағдаласушы Тараптардың ешқайсысы қандай да болмасын одақтар мен блоктарға қатыспайды, үшінші мемлекетпен бір-бірінің егемендігіне, қауіпсіздігіне және жер тұтастығына нұқсан келтіретін шарттар жасасу сияқты қандай да болмасын осы тұрғыдағы іс-әрекеттерге бармайды. Уағдаласушы Тараптардың ешқайсысы басқа Уағдаласушы Тараптың мемлекеттік егемендігіне, қауіпсіздігіне және жер тұтастығына

нұқсан келтіретін мақсатта өз жер аумағын үшінші мемлекеттің қолдануына жол бермейді.

Уағдаласушы Тараптардың ешқайсысы өз жерінде басқа Уағдаласушы Тараптың егемендігіне, қауіпсіздігіне және жер тұтастығына нұқсан келтіретін ұйымдар мен топтардың құрылуына және белсенділік танытуына жол бермейді.

5-бап

Қытайлық Уағдаласушы Тарап Қазақстан Республикасының ядролық қаруы жоқ мемлекет ретінде Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылуын жоғары бағалайды және Қытайдың ешқашан және қандай да бір жағдайда болмасын ядролық қаруды бірінші қолданбайтынын, ядролық қаруды қолдануға немесе оны ядролық қарусыз мемлекеттерге немесе ядролық қарусыз аймақтарға қарсы қолданатындығымен қорқытуға бармайтынын растайды және басқа да ядролық қарулы мемлекеттерді осындай ұстанымда болуға шақырады.

Қазақстан Уағдаласушы Тарап жоғарыда аталған Қытайлық Уағдаласушы Тараптың ұстанымын жоғары бағалайды да, онымен бөліседі, ҚХР Үкіметінің 1995 жылдың ақпанында жариялаған Қазақстанға қауіпсіздік кепілдігін беру туралы мәлімдемесінің тарихи маңыздылығын атап өтеді және ғаламдық және аймақтық тұрлаулылық пен қауіпсіздікті үздіксіз нығайту мүддесіне сай Қытайлық Уағдаласушы Тараппен өзара іс-әрекеттесуге өзінің дайындығын растайды.

6-бап

Уағдаласушы Тараптар бұрын қол қойылған келісімдер мен қол жеткен уағдаластықтар негізінде үшінші мемлекеттерге қарсы бағытталмаған әскери және әскери-техникалық ынтымақтастық жасайды, Уағдаласушы Тараптардың әрбірінің жеке қауіпсіздігін нығайту мақсатында әскери салада сенім шараларын кеңейтіп, тереңдететін болады. Осы мақсатта Уағдаласушы Тараптар әртүрлі деңгейлердегі әскери алмасуларды, қорғаныс ведомствалары, әскери мекемелер және екі елдің қарулы күштерінің жеке құрамдары арасындағы байланыстарды көбейтеді, әскери кадрлар мен мамандарды оқыту және дайындауда бір-біріне көмек пен жәрдем көрсетеді.

7-бап

Уағдаласушы Тараптар екі мемлекеттегі экономикалық реформаларды табысты жүзеге асыруда мүдделілік таныта отырып, екі елдің сауда-экономикалық ынтымақтастығын кеңейтуге және тереңдетуге күш-жігер жұмсайды және өздерінің заңнамалары мен халықаралық келісімдердің шарттарына сәйкес осыларға қажетті қолайлы жағдай жасайды.

8-бап

Уағдаласушы Тараптар өздерінің халықаралық міндеттемелеріне, сондай-ақ екі елдің әрқайсысында қолданылатын заңнамаларына сәйкес Уағдаласушы Тараптың аумағында басқа Уағдаласушы Тараптың заңды және тұлғалардың заңды құқықтары мен мүдделеріне кепілдік беретін пәрменді шаралар қолданады, сондай-ақ Уағдаласушы Тараптар қол қойған тиісті шарттарға сәйкес азаматтық және қылмыстық істерде бір-біріне құқықтық көмек көрсетеді.

Уағдаласушы Тараптардың тиісті органдары заңнамалар негізінде Уағдаласушы Тараптың заңды және жеке тұлғаларының басқа Уағдаласушы Тараптың аумағында ынтымақтастық пен шаруашылық қызметте туындаған мәселелер мен дауды өз мемлекеттерінің аумағында қарастырады және шешеді.

Уағдаласушы Тараптар өздерінің ұлттық және өздері қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес зияткерлік меншікті, оның ішінде патентке, сауда белгісін иемдену құқығын, авторлық және басқа да біріккен құқықтарды қорғауды қамтамасыз етеді.

9-бап

Уағдаласушы Тараптар теңдік және өзара тиімділік негізінде сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, көліктік, космостық, авиациялық, ақпараттық байланыстар технологиясы және басқа да өзара мүдделі салаларда ынтымақтастықты дамытады.

Уағдаласушы Тараптар энергетика саласындағы екі ел ынтымақтастығының стратегиялық мәні бар екенін сезіне отырып, энергетика саласындағы өзара тиімді ынтымақтастықтың орасан зор әлеуеттік мүмкіндіктерін толық пайдалануға талпына отырып, екі Уағдаласушы Тараптардың энергетикалық жобалар бойынша ынтымақтастығын жеделдете дамытуға бірлесе күш-жігер жұмсайды.

10-бап

Уағдаласушы Тараптар тиісті халықаралық шарттарға сәйкес қоршаған ортаны ластандырмауды болдырмау, табиғатты рационалды пайдалануды қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар қолданады және орнықты даму саясатын әзірлеуде және оны Орталық Азия субаймағында іс жүзінде жүзеге асыруда пәрменді шараларды қолданады. Олар қоршаған ортаны қорғау саласында, соның ішінде хайуанаттар әлеміндегі сан алуан түрлілігін, шаң тозаңды бұрқасын профилактикасы, экологиялық мониторинг, экологиялық апаттардың салдарларымен және олардың қоршаған ортаға әсерімен күресу, тиісті қазақстан-қытай екіжақты келісімдер негізінде трансшекаралық өзендерді пайдалану мен қорғау салаларында ынтымақтастықты дамытады.

11-бап

Уағдаласушы Тараптар мәдениет, білім, туризм, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, дене шынықтыру мәдениеті мен спорт саласындағы жан-жақты байланыстардың кеңеюіне, екі елдің жастар ұйымдары арасындағы алмасуларды ұйымдастыруға зор маңызды мән береді. Уағдаласушы Тараптар Шанхай ынтымақтастық ұйымының шеңберіндегі мәдениет, спорт және туризм саласындағы ынтымақтастықты дамытатын болады.

12-бап

Уағдаласушы Тараптар Орталық Азия аумағындағы бейбітшілік, тұрлаулылық пен дамуды сақтау, екіжақты және аймақтық экономикалық ынтымақтастықты нығайту тек қана барлық елдер халықтарының жалпы көздегендері мен түпкілікті мүдделеріне жауап беріп қана емес, Азиядағы, сондай-ақ бүкіл әлемдегі бейбітшілікті сақтау үшін де зор маңызды мәні бар екенін атап өтеді.

Уағдаласушы Тараптар аймақтағы қауіпсіздікті, тұрлаулылықты және өзара сенім шараларын саласында бұрынырақта қол жеткізілген барлық уағдаластықтарды ұстанатын болады және осы бағыттағы ынтымақтастықты соның ішінде Шанхай ынтымақтастық ұйымы шеңберінде де дамытуға өздерінің дайын екендіктерін қуаттайды. Азия-тынық мұхит аймағындағы бейбітшілікті, қауіпсіздік пен тұрлаулылықты қамтамасыз ету мақсатында Уағдаласушы Тараптар азиялық қауіпсіздік бойынша Азиядағы өзара сенім және ықпалдастық шаралары кеңесі шеңберінде сындарлы диалог жүргізетін болады.

13-бап

Уағдаласушы Тараптар БҰҰ Жарғысының мақсаттары мен қағидаттары, сондай-ақ халықаралық құқықтың жалпыға танымал басқа да нормалары негізінде БҰҰ мен басқа халықаралық ұйымдардың шеңберіндегі екі ел ынтымақтастығын нығайтады, өзара қызығушылық танытатын ғаламдық және аймақтық мәселелер бойынша пікірлермен алмасатын болады.

14-бап

Бейбітшілікке немесе Уағдаласушы Тараптардың бірінің қауіпсіздік мүдделеріне қатер төндіруі мүмкін халықаралық және аймақтық ахуал шиеленіскенде немесе дағдарыс жағдайының туындағанын Уағдаласушы Тараптар консультациялар өткізу және қатердің көзін жоюға бағытталған шаралар әзірлеу мақсатында бір-бірімен жедел түрде байланыс жасайтын болады.

15-бап

Уағдаласушы Тараптар өздерінің ұлттық заңнамасы мен халықаралық міндеттемелеріне сәйкес әрқайсысы екіжақты және көпжақты негізде халықаралық терроризмге, сепаратизм мен экстремизмге, сондай-ақ ұйымдасқан қылмысқа, заңсыз көші-қонға, есірткі заттардың, қарудың заңсыз айналымына және қылмыстың басқа түрлеріне қарсы бірлесіп күресудегі ынтымақтастықты дамытатын болады.

16-бап

Уағдаласушы Тараптар халықаралық қаржылық мекемелердегі, экономикалық ұйымдардағы және форумдардағы ынтымақтастығын жалғастыратын болады, сондай-ақ осындай мекемелердің, ұйымдардың және форумдардың жарғылық құжаттарындағы ережелерге сәйкес екінші Уағдаласушы Тарап қатысушысы болып табылатын олардың біріне Уағдаласушы Тараптардың бірінің енуіне жәрдемдесетін болады.

Уағдаласушы Тараптар қазіргі бар халықаралық ұйымдардың, сондай-ақ болашақта құрылуы мүмкін ұйымдардың шеңберінде көп жақты үлгідегі экономикалық ынтымақтастықты дамытатын болады.

17-бап

Осы Шарт Уағдаласушы Тараптардың басқа мемлекеттермен қазіргі бар екі жақты және көп жақты шарттарынан туындайтын қандай да бір құқықтарын, сондай-ақ міндеттемелерін қозғамайды және үшінші мемлекеттерге қарсы бағытталмаған.

18-бап

Уағдаласушы Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Шарттың ажырамас бөлігі табылатын хаттамалармен ресімделеді. Осы Шарттың ережелерін іске асыру мақсатында Уағдаласушы Тараптар қажет болған жағдайда жекелеген келісімдер жасасатын болады.

19-бап

Осы Шарт бекітілуге жатады және бекіту грамоталарымен алмасқан күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Шарттың жиырма жыл бойы күшінде болады. Егер Уағдаласушы Тараптардың бірі Шарттың қолданысының тиісті кезеңі аяқталардан кем дегенде бір жыл бұрын оның қолданысын тоқтату ниеті туралы екінші Уағдаласушы Тарапқа жазбаша нысанда

хабарламаса, осы Шарттың қолданыс мерзімі келесі бесжылдық кезеңдерге өздігінен ұзартылды.

Пекин қаласында 2002 жылғы 23 желтоқсанда әрқайсысы қазақ, қытай және орыс тілдерінде екі дана болып жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Қазақстан Республикасы
үшін

Қытай Халық Республикасы

үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК